

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 5 (857) 28 қаңтар 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ

Қазіргі уақытта әлеуметтік зерттеулер кез-келген әлеуметтік процесс туралы объективті сенімді мәліметтер алуға бағытталған рәсімдер жүйесі ретінде қалыптасқан. Республика бойынша және біздің өңірде мемлекеттік қызмет көрсету саласын зерттеу жыл сайын жүргізіледі және олардың нәтижелерінде көрсетілетін қызметті берушілердің одан әрі жұмысы құрылады. Өйткені, қызмет алушылардың әлеуметтік сауалнама, басқаша айтқанда, қоғамдық мониторинг шеңберінде, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде кездескен артықшылықтар мен кемшіліктер туралы ашық айтуға мүмкіндігі бар.

Өткен жылдың соңында 40 қызмет түрін көрсету сапасы бойынша облыстық қоғамдық мониторинг аяқталды, сауалнамаға барлық аудандар мен облыс орталығының 3 мыңнан астам тұрғыны, оның ішінде бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысты. Зерттеулер облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысының департаментінің бастамасымен «Туған жер»ҰЕҰ» ҚБ өткізілді. Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері денсаулық сақтау мекемелерінде болды, кезекте тұрды, қызмет көрсетушілердің интернет-ресурстарын зерттеді, барлығы ақпараттық жүйелердің жетіспеушілігіне және кейбір жағдайларда кері байланыстың болмауына тап болды.

Терең сұхбаттар және фокус-топтық зерттеулерге ерекше назар аударылды, өйткені олар халыққа сапасыз қызмет көрсету себептерін анықтауға және оларды жою бойынша шаралар әзірлеуге ықпал етеді. Қызмет алушылар көрсеткен негізгі мәселелер-порталда қызмет туралы ақпаратты іздеудің, қажетті құжаттарды жүктеудің, қызметке online ақы төлеудің күрделілігі болып табылады.

Зерттеулердің мәліметтеріне сәйкес, «ҚР халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу», «ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру» сияқты мемлекеттік қызметтер көрсетушілері сапалары бойынша алдағы қатарда. Рейтингің төменгі қатарында «Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату», «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру» сияқты мемлекеттік қызметтерді көрсететін қызметтер. Бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені Департамент сәулет және жер қатынастары салалары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнаманы бұзудың 79,6% - ын анықтады.

Өткен жылы қайта зерттелген мемлекеттік қызметтердің он түрі бойынша қызмет көрсету сапасының аздап төмендегені байқалады.

Ең жоғары балл «Хабардарлық» (4,59 балл), ең төмен балл «Мерзімдер, шығындар» (4,4) көрсеткіштері алды. Зерттеулер қызмет көрсету сапасы СҚО бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалы 1 орында, 2 орында-орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері, 3 орында - жергілікті атқарушы органдар екенін көрсетті.

Алдағы орындарда жергілікті атқарушы органдар арасында Қызылжар, М.Жұмабаев, Жамбыл, Есіл аудандары, аутсайдерлер – Тайынша, Тимирязев аудандары мен Петропавл қаласы. Қоғамдық мониторинг деректері негізінде, «Туған жер»ҰЕҰ»ҚБ мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді. Зерттеу нәтижелерін көрсеткендей, азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі 90%-дан асты, бұл жақсы көрсеткіш! Пікірлерде тұтынушылар көбінесе оң пікірлер жазатынына қуаныштымын. Мемлекеттік корпорацияның филиалы мен оның қызметкерлерінің қызметі оң бағаланды. Алайда, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарына түсетін жүктеме көп екенін атап өту қажет, халық бұрынғысына мемлекеттік қызмет алу үшін Халыққа қызмет көрсету бөлімшелеріне жүгінеді, ал көрсетілетін қызметті берушілер азаматтардың көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасына қанағаттану деңгейін қадағаламайды. Осы және басқа да мәселелер облыстың барлық қызмет көрсетушілерінің қатысуымен бірлескен кеңесте, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Ведомстваралық жұмыс тобының отырысында талқыланды. Департамент көрсетілетін қызметті берушілерге мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан жағымсыз пікірлерге жол бермеу үшін кабинеттердің, ақпараттық стендтердің эстетикалық түрін сәйкес келтіруді тапсырды. Мемлекеттік қызметтерді ыңғайлы көрсету, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдай жасау, мамандардың кәсіби құзыретін арттыру үшін іс-шара қабылдау ұсынылды. Бұдан басқа, Департаменттің бастамасы бойынша Жамбыл, Қызылжар, Мамлют, Тайынша, М.Жұмабаев аудандарында, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мен Петропавл қаласында қоғамдық мониторинг жүргізілді, бұл қызмет көрсетушілердің қызмет көрсету деңгейін және клиентке бағдарлануын арттыруға мүмкіндік береді. Бүгін біз сервистік мемлекет құрамымыз және мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, яғни мемлекеттік органдардың жұмысы туралы пікір арқайсымызға байланысты. Қоғамдық мониторинг нәтижелерін ескере отырып, қызмет көрсетушілерді қызметті тұтынушыға бағдарлану бойынша жұмысты күшейтуге шақырамын, ал облыс тұрғындарынан мемлекеттік қызметтерді тек электронды түрде алуды сұраймыз, осылайша Сіздер қызметті жедел түрде алып, жеке уақытыңызды үнемдейсіздер!

Гүлнәр ЖУСАЛИНА,
мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша
департаменті мемлекеттік қызметтер
басқармасының бас маманы.

БІЗДІҢ КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ!

Жаңа жылдың басы барлық қазақстандықтар үшін аса ауыр болды.

Жан түршігерлік оқиғалар барысында жапа шеккен еш кінәсіз адамдар мен қаза болғандардың отбасыларына шын жүректен көңіл айтамын.

Қазіргі кезде қазақстандық қоғамға Мемлекет басшысының шешімі аясында топтасу қажет. Біз, Қазақстан Республикасының азаматтары, Мемлекет басшысына қойылған тапсырмаларды шешуге қолдау көрсетуіміз керек. Біздің күшіміз бірлікте! Бірге біз барлық қиындықтарды жеңіп, алға қойған мақсаттарға жетеміз. «Nur Otan» партиясы әрқашанда халықпен бірге.

Виктор Рудницкий,

«Nur Otan» партиясының мүшесі, аудандық
мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК»
ЖШС-нің директоры.

БЕРЕКЕМІЗ – БІРЛІКТЕ БОЛҒАЙ

2022 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев бейнебайланыс арқылы парламент Мәжілісінің отырысында қатысып, мемлекетіміздің бірлігін, бейбітшілігін және әлеуметтік- экономикалық жағдайын арттыру мақсатында жасаған мазмұнды баяндамасында үкіметке нақты тапсырмалар жүктенді. Ел Президентінің Қазақстан халқына айтқан үндеуі әрбір қазақстандық азаматқа нақты айқын жол көрсетті деп білемін. Болашақтағы Қазақ елінің бірлігі мен қауіпсіздігі туралы айқын тұжырымды ойлары көпшіліктің қолдауына ие болды. «Бірлігі бар елді жау алмас» дегендей, тәуелсіз Қазақ елінің тұтастығы мен тұрақтылығы осы бірліктің арқасында деп білемін. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы бұл көп те, ұзақ та мерзім емес. Бірақ бұл жылдардың әрбір сағаты, әрбір күні тарихтан өз орнын иеленді. Бұл жылдардағы біздің жаңсақтығымыз бен жетістігіміз де, жеңісіміз бен жеңілісіміз де тарихқа айналды. Тәуелсіздік ата – бабаларымыздың талай ғасырлар бойы арманы еді. Қазақтың ұлан-байтақ жерін ата-бабамыз сан ғасырлар бойы «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қызғыштай қорғап келген. Ата-бабалымыздың мұрадан қалған асыл қазынасын – біздің болашағымыз жастар жалғастыруы тиіс. Осы орайда мен өз басым Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса екен деймін. Тәуелсіздігіміз баянды болғай.

Сандуғаш БОРАНБАЕВА,

кітапхана қызметкері, Келлеровка ауылы.

БЖЗҚ БҰРЫНҒЫ ЖҰМЫС КЕСТЕСІНЕ ОРАЛДЫ

Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай тәртібінің тоқтатылуына байланысты Қордың еліміз бойынша кеңселері бұрынғы кесте бойынша 09:00-ден 18:00-ге дейін өз жұмысын қайта бастады.

БЖЗҚ байланыс орталығы 1418 қысқа нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) салымшылар мен алушылардың сауалдарына 9:00-ден 18:00-ге дейін жауап береді. Сондай-ақ, www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, +7 777 000 14 18 нөмірінде жауап беретін WhatsApp және Viber-дегі чат-бот арқылы, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан да да ақыл-кеңес алуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ қызметтерін онлайн форматта да алуға болады. Салымшылар БЖЗҚ сайты мен мобильдік қосымшасындағы жеке кабинетте кез келген уақытта, әрі кез келген жерде қызмет ала алады. Мысалы, бұған жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтасу алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беру, төлемге өтініштің орындалу мәртебесін қадағалау және тағы басқа қызмет түрлері жатады.

• Басты тақырып

ДОСТЫҚ - АСЫЛ ҚАСИЕТ

Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды алып жатыр. Бұл үлкен мемлекет... Бірнеше ұлт өкілдері тұрақтаған бірегей мемлекет. Көпұлтты халықты біріктіріп отырған – достық, төзімділік және ұлтына, діліне, дініне, мәдени құндылықтарына қарамастан, қоғамның әрбір мүшесіне деген құрмет. Осы бірлікте Қазақстан мемлекетінің бірегейлігі десе де болады. Достық, түсіністік және келісім мемлекеттегі бейбіт өмір үшін қажет, себебі елімізде 125 ұлт пен халық өкілдері тұрады. Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір халық ерекше, сонысымен олар бірігіп, қазақстандық деген атпен біртұтас тату халықты көрсетеді. Бұл еліміздің басты құжаты – Конституцияда белгіленген. Ол «Біз – Қазақстан халқы» деген тұжырыммен басталады.

Тарихи қалыптасуына қарай, Қазақстан түрлі халықтардың отаны болып табылады. Олардың әрбіреуі өздігінше ерекше және салт-дәстүрге бай. Біз бәріміз әртүрліміз, бірақ біз біргеміз, бір үлкен отбасымыз, достық, бейбіт пен келісімде өмір сүруге тырысамыз.

Кеңес Үкіметі құлағаннан кейін көбі Қазақстанды қауіпті республика ретінде қарастырды, оған Югославияның тағдырын жорамалдайтын. Қазақстанның көпұлтты халқының достығы мен ауызбірлігінің негізінде бірлік, достық, сенім, өзара құрмет және бейбіт қатар өмір сүру қағидасы жатқанын олар қайдан білсін. Біз қазақстандықтардың барлық ұрпақтарының басты игілігі ретінде достығымызды сақтай алдық. Халықтың қалауымен бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан барлық ұлыстың тең құқықтық, бірлік және келісімінің бірегей жолы таңдалды. Ұлыстар арасындағы достық – барша қазақстандықтардың басты игілігі. Біз жолымызда кездескен ауыртпашылықты бірге көрдік. Коронавирус инфекциясының өршуі мен Алматы мен басқа қалалардағы соңғы оқиғаларға байланысты, қазақстандықтардың көңіл-күйі қапалы, қуаныш пен мереке тиылды. Қазақстан және оның халқы қиын кезеңді кешіп жатыр. Дегенмен, барлық қорқынышты жеңуге болады. Ол үшін одан әрі бірігіп, бірге жаңа мақсаттарға ұмтылу керек, өзара құрмет пен достықтың дәстүрлі құндылықтарын сақтау керек. Соңғы отыз жылда қазақстандықтар өзара және көршілерімен дос болып келді.

Біздің тарихымыз бен болашағымыз ортақ. Ғасырлар бойы әр түрлі мәдениет өкілдерінің өзара түсіністігі мен өзара көмегі ұлттың тарихи дамуының негізі болып келді. Біз де бір-бірімізді дұрыс қабылдап, өзара сыйластыққа үйреніп, еліміздегі ұлтаралық келісімді сақтауымыз керек. Мейлі, тіліміз басқа болса да, бірге біз Қазақстанның көпұлтты халқын құраймыз, біздің тағдырымыз бір, туған жеріміз бір. Елімізді үлкен өзгерістер күтіп тұр. Тек қана келісіммен біз болашағымызды жақсы қыламыз.

Елена ЕВЛАДЕНКО,

«Қрыныцы» славян-мәдени орталығының жетекшісі.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ жер пайдаланушылардың назарына жеткізеді: Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 30 маусымдағы №60-VII ҚРЗ Заңына сәйкес,

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемақы (105315 коды бойынша жалгерлік төлемі);
 - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер телімдерін сатудан түсетін түсімдер (303101 коды бойынша жеке меншікке сатып алу);
 - жер телімдерінің орналасқан жері бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне төленеді.
- Жалға алу туралы шартқа, сондай-ақ елді мекендер шегіндегі жер телімдеріне қатысты сату-сатып алу шартына өзгерістер енгізу үшін Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөліміне жүгінуге кеңес береміз. Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі

2022 жылдың ақпан-наурыздағы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында есеп берудің желілік кестесі

	Ақпан					
	7 ақпан дүйсенбі	8 ақпан сейсенбі	9 ақпан сәрсенбі	10 ақпан бейсенбі	11 ақпан жұма	12 ақпан сенбі
Тайынша ауданының аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтердің әкімдері	Абай а/о, Тапшыл а., К.С. Молдабаевтың жеке үйі, 11.00 с.	Краснополян а/о, Краснодарск а., «Поляна» ЖШС кеңсесінің ғимараты, 11.00 с.	Краснополян а/о, Черниговка а., Глубокое а., медициналық пунктінің ғимараты, 12.00 с.	Яснополян а/о, Дашка-Николаевка а., «Дашка-Николаевка СК» ЖШС кеңсесі, 11.00 с.	Тендік а/о, Кантемировец а., «Вишнево-ское» ЖШС асханасының ғимараты, 11.00 с.	
	Амандық а/о, Жаңадауір а., Қ.Б. Мұқановтың жеке үйі, 11.00 с.	Большеизюм а/о, Октябрьское а., Б.К. Қасымованың жеке үйі, 11.00 с.	Рощинск а/о, Октябрьское а., «Синицкий» ЖК дүкенінің ғимараты, 11.00 с.	Рощинск а/о, Краматоровка а., Р.Г. Мясиктің жеке үйі, 11.00 с.	Рощинск а/о, Димитровка а., медициналық пунктінің ғимараты, 11.00 с.	
	Киров а/о, Восточное а., Трудовое а., Мирное а., Г.С. Мағжановтың жеке үйі, 11.00 с.	Яснополян а/о, Новодворовка а., медициналық пунктінің ғимараты, 11.00 с.	Тендік а/о, Котовское а., «Фирма Котовское СК» ЖШС асханасының ғимараты, 12.00 с.	Краснополян а/о, Доброжановка а., дүкен ғимараты 12.00 с.	Большеизюм а/о, Северное а., А.Е. Бирюкованың жеке үйі, 11.00 с.	
	Краснополян а/о, Южное а., ауылдық клуб, 12.00 с.	Рощинск а/о, Комсомольское а., А.Ф. Федченконың жеке үйі, 12.00 с.	Мироновка а/о, Виноградовка а., Надеждинка а. кітапхана, 11.00 с.	Келлер а/о, Богатыровка а., В.Н. Шульцтың жеке үйі, 11.00 с.	Зеленогай а/о, Новогречановка а., «Новый труд» ЖШС актілік залы 12.00 с.	
	Ақпан					
	14 ақпан дүйсенбі	15 ақпан сейсенбі	16 ақпан сәрсенбі	17 ақпан бейсенбі	18 ақпан жұма	19 ақпан сенбі
	Драгомиров а/о, Обуховка а., «Лайм» дүкенінің ғимараты, 10.00 с.	Тихоокеан а/о, Алабота а., С.Е. Алдабергеновтың жеке үйі, 11.00 с.	Мироновка а/о, Заречное а., медициналық пунктінің ғимараты, 11.00 с.			
	Чкалов а/о, Новоберезовка а., С.М. Төкеновтың жеке үйі, 10.00 с.	Краснополян а/о, Степное а., «Степной» ӨК кеңсесі, 11.00 с.	Драгомиров а/о, Ивангород а., «Татьяна» дүкенінің ғимараты, 11.00 с.			
	Большеизюм а/о, Ново-Приречное а., медициналық пунктінің ғимараты, 11.00 с.	Драгомиров а/о, Любимовка а., «Семейный» дүкенінің ғимараты, 12.00 с.				
	Рощинск а/о, Сарыбай а., А.С. Жүсіповтің жеке үйі, 11.00 с.					
Ақпан						
14 ақпан дүйсенбі	15 ақпан сейсенбі	16 ақпан сәрсенбі	17 ақпан бейсенбі	18 ақпан жұма	19 ақпан сенбі	
				Тайынша қ., 10.00 с Онлайн https://www.facebook.com/akim.tainsha		
				Мироновка а/о, Мироновка а., 12.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100023076632383		
				Большеизюм а/о, Большой Изюм а., 15.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100022803489938		
Ақпан						
21 ақпан дүйсенбі	22 ақпан сейсенбі	23 ақпан сәрсенбі	24 ақпан бейсенбі	25 ақпан жұма	26 ақпан сенбі	
Летовочный а/о, Летовочное а., Подлесное а., Горькое а., Мәдениет а., Талап а., Краснокаменка а., 11.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/letovso/	Чкалов а/о, Чкалово а., Петровка а., 15.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/chkalowo.akimat	Амандық а/о, Амандық а., Ильичевка а., с. Аймак, 11.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100023161402185	Краснополян а/о, Красная Поляна а., 11.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/krasnopolyana	Зеленогай а/о, Зеленый Гай а., 11.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100039904331391		
Келлер а/о, Келлеровка а., Кременчуг а., 14.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100022704733582	Алабота а/о, Ақ-құдық а., Целинное а., Талдықөл а., Золоторунное а., 10.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/groups/752303738292975/user/100022638951890	Драгомиров а/о, Драгомировка а., 14.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100023239959318	Рощинск а/о, Рощинское а., Макашевка а., 14.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100008021147673	Тихоокеан а/о, Тихоокеанское а., Шұңқыркөл а., 14.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/tihiyakim.akimat.3		
Ақпан-Наурыз						
28 ақпан дүйсенбі	1 наурыз сейсенбі	2 наурыз сәрсенбі	3 наурыз бейсенбі	4 наурыз жұма		
Чермошнян а/о, Чермошнянка а., Ново-Ивановка а., Леонидовка а., Бахмут а., Теңіз а., Нагорное а., Многоцветное а., 11.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100024295925432	Донецк а/о, Донецкое а., Подольское а., Краснокиевка а., Белоярка а., Озерное а., 11.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100022728760664	Киров а/о, Кирово а., Ильич а., Арноном а., 11.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100023300192134		Аудан әкімінің қорытынды есеп беру кездесуі Тайынша қ., 15.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/tainsha.akimat		
Тендік а/о, Теңдік а., ғимараты, 14.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100024295925432	Абай а/о, Қарағаш а., 14.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100024295925432https://www.facebook.com/akimatabai	Яснополян а/о, Ясная Поляна а., Вишневка а., 14.00 с. Онлайн https://www.facebook.com/profile.php?id=100022730559672				

2022 жылғы ақпанда аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Алпысов Ерлан Сапарбекұлы — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	2 ақпан
2	Рудницкий Виктор Иванович — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	3 ақпан
3	Егінбаев Руслан Елшібайұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	4 ақпан
4	Жақыпов Данияр Келденбекұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	7 ақпан
5	Ысқақова Диана Еслямбекқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	9 ақпан
6	Кершиш Александр Владимирович — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	10 ақпан
7	Әбдірахманова Айгүл Бағдатқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	15 ақпан
8	Мергасимов Бауыржан Маратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	17 ақпан
9	Латиф Батес — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	21 ақпан
10	Мұхаметғалиева Айгүл Ботақызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	23 ақпан
11	Трифонов Николай Николаевич — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	25 ақпан
12	Бекшенов Сәрсенбай Мұратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	28 ақпан

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 3 «А», «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы — 22047.

Ауданының жергілікті атқарушы органдарынан мемлекеттік қызметтер бойынша кеңес алу үшін телефон нөмірлері

«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 22342, 21311
«СҚО Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 76796
«СҚО Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 75197
«СҚО Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 42671
«СҚО Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32525
«СҚО Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 74235
«СҚО Тайынша ауданы Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 55333
«СҚО Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 77373
«СҚО Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 51203
«СҚО Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32148
«СҚО Тайынша ауданы Краснополья ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 54217
«СҚО Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 52310
«СҚО Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 37590
«СҚО Тайынша ауданы Роцинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79071
«СҚО Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 42001
«СҚО Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 77118
«СҚО Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79041
«СҚО Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 70014
«СҚО Тайынша ауданы Яснополя ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 73394
«СҚО Тайынша ауданы Тайынша қ. әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79042
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» КММ	8 (715 36) 22075, 21259
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	8 (715 36) 41072
«Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ	8 (715 36) 23347, 22527
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	8 (715 36) 22697
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ	8 (715 36) 22537
«Ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	8 (715 36) 21360
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ	8 (715 36) 23631
«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	8 (715 36) 21643

• Адам. Қоғам.

МАЛ ҰРЛАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қазіргі уақытта үй жануарларын еркін жаю орындарынан, сондай-ақ жануарларды ұстау аумағынан ұрлаудың алдын алу және ескерту өзекті мәселе болып отыр.

Көбінесе азаматтардың өздері қаскүнемдерге оңай пайда табуға себеп болады. Сонымен, барлық елді мекендерде азаматтар мал жаю үшін арнайы бөлінбеген жерлерге шығарады. Сонымен қатар, олар оны қараусыз қалдырады, бұл - малдың жоғалуына, оны өз бетінше іздеуге және жоғалған мал фактілері туралы құқық қорғау органдарына уақтылы хабарлау мүмкіндігі болмауына әкеледі.

Жеке аулалар мен еркін мал жаю орындарының аумақтарынан үй малын ұрлаудың алдын алу мақсатында азаматтар үй малы ұсталатын аулалардың (биік қоршалар, қақпалардағы тиек құрылыстарымен т. б.) және шаруашылық құрылыстарының техникалық нығайтылуын күшейту бойынша шаралар қабылдауы, өз малын тек ұйымдастырылған мал жаю орындарына айдауды жүзеге асыруы, жануарларды биркалау және таңбалау жүргізуі, үй малын көшеде қараусыз қалдырмауы, еркін жаюға, оның ішінде елді мекен аумағында еркін жаюға жол бермеуі қажет, мал жоғалған жағдайда дереу полицияға хабарласуы.

Мал ұрлығының алдын алу мақсатында, «ҚР ІІМ 2021-2023 жылдарға арналған мүлкті сақтау жөніндегі бағдарламасын» іске асыру шеңберінде полиция бөлімі жергілікті атқарушы органдардың, ветеринариялық қадағалау және бақылау инспекциясының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, қараусыз қалған мал жаю фактілерін анықтау бойынша іс-шаралар жүргізеді.

Қараусыз қалған малды жаю фактісі анықталған жағдайда полиция қызметкерлері мен ветеринариялық инспекция өкілдері іс материалдарына тиісті растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасы арқылы иелерін анықтау бойынша шаралар қабылдайды. Қараусыз қалған мал арнайы қораларға орналастырылады, кейіннен иелеріне қайтарылады.

Бауыржан СЕРІК,
полиция аға лейтенанты жедел уәкіл.

КТ және МРТ КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕР

Дәрігерлердің консультациялары, КТ/МРТ, рентген және диагностиканың басқа да түрлерінің қызметтері сақтандырылған азаматтарға МӘМС жүйесінде емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша көрсетіледі. Олар үшін қосымша ақы талап етілмей керек, деп атап өтті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры. Егер емхана осы қызметтерді өзі ұсына алмаса, онда оны орындау шарты бойынша пациентке басқа клиникада қабылдауды қамтамасыз етуі қажет. Қорда консультативтік-диагностикалық қызмет алу мүмкіндіктері туралы толығырақ айтылды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу есебінен денсаулық сақтауды қаржыландырудың едәуір өсуі көптеген сұранысқа ие бағыттар бойынша медициналық көмек көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨЛЕМІ ӨСУДЕ

Осылайша, компьютерлік томография қызметтерінің саны 3 еседен астамға өсті. Өткен жылдың 12 айының қорытындысы бойынша пациенттер 747 мың компьютерлік томография сеансын алды, ал 2020 жылы 232 мың қызмет алынған. МРТ зерттеулері бойынша өткен жылдың қаңтар-қараша айларында 554 мың қызмет көрсетілді, ал бір жыл бұрын-шамамен 218 мың қызмет көрсетілген.

Тар бейінді дәрігерлер өткізген консультациялар саны айтарлықтай өсті. 2020 жылы 29 миллионнан астам осындай қабылдаулар өткізілді, ал бір жылдан кейін тар бейінді дәрігерлердің консультацияларының саны 35 миллионнан асты. Жүргізілген диагностикалық зерттеулер саны 50% - ға артты-2020 жылғы 9,9 млн қызметтен 2021 жылы 15 млн-нан астам қызметке дейін.

ҚДҚ-НЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Пациентке кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол науқастың жағдайын, шағымдарын, аурудың белгілерін зерттейді. Тиісті көрсетілімдер болған кезде дәрігер КТ, МРТ немесе басқа да зерттеулер жүргізуге жолдама жазады. Қызметті жоспарлы түрде алу үшін пациент «Сақтандырылған» мәртебесіне ие болуы тиіс, өйткені емхана деңгейінде бұл қызметтер МӘМС ШЕГЕР ҚДҚ-НЫ КӨРСЕТУ-ДЕН БАС ТАРТЫЛСА ...

Жалғасы 4-бетте.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АЛАЯҚТАР!

Соңғы кездері жиі жасалатын алаяқтық әрекеттердің фактілері бойынша, азаматтарға қатысты, төлем карталары, ұялы телефондар немесе ақшалы нәрселерге қастандылық жасалынса, сонымен қатар, қылмыстық нәрселер болып табылатын ұялы телефондар болса, азаматтарды төменгі ұсыныстардың, яғни «бұндай жағдайларда азаматтар өздерін қалай ұстау керек» деген мазмұнымен таныстыру қажет деп есептеймін:

1. Ұялы телефонның хабарламасы арқылы жақын адамдардың қиындықтары туралы және белгілі бір соммадағы ақшаны аударумен немесе төлем карталарын белсендіру арқылы қиындықтың шешілетіні туралы ұсыныстар келсе:

-үрейленіп шошымаңыз, ақша беруге асықпаңыз;
- бір амалын тауып, сол жақындарыңызбен хабарласып көруге тырысыңыз;

-құқық қорғау органдарына дереу хабарласыңыз;
2. Жақыныңыздың даусына ұқсаған біреу таныс емес нөмірмен хабарласып, қиындықтан шығу үшін маған дереу ақша немесе төлем картасын белсендіру қажет деген жағдайда:

- үрейленіп шошымаңыз, ақша беруге асықпаңыз;
- жақыныңыздың жеке басына байланысты сұрақтар қою арқылы, хабарласып тұрған адам Сіздің жақыныңыз болып табыла ма әлде жақыныңыздың даусын салып тұрған алаяқ па екенін біле аласыз. Мысалы мындай сұрақтар: Отбасыңыз қайда тұрып жатыр?; туыстарының есімдері қалай?; үйінің нөмірі қандай?; туған жері? т.б.

- құқық қорғау органдарына дереу хабарласыңыз;
3. Радиостанцияның қызметкерлерінен немесе ұялы байланыс операторы атынан қоңырау шалып, сіз сыйлыққа ие болдыңыз, ол сыйлықты алу үшін белгілі соммада баланс толтыру үшін төлем картасын белсендіру қажет болып тұр деген жағдайда:

- үрейленіп шошымаңыз, төлем картасын белсендіруге және ақша жіберуге асықпаңыз;
-радиостанцияға қоңырау шалыңыз (ұялы байланыс операторының абоненттік қызметіне);
-телефон арқылы айтылған акцияның шынымен өтіліп жатқанын екенін анықтап алыңыз;

-радио қабылдағышты қосыңыз, жетекші диджеймен сөйлескен кезде өзіңіздің даусыңызды есту керексіз, себебі сыйлықты тікелей эфирде ғана ұтып алуға болады;

4. Бейтаныс нөмірмен хабарласып, сіздің таныс адамыңыз сияқты, телефонды іске қосу үшін оның шотын толтыруға өтініш айтқан жағдайда:

-төлем жасауға асықпаңыз;
-басқа амалын тауып, сіз білетін нөмірмен танысыңызға хабарласып, телефонының сөніп қалатын қиындықтары бар ма екенін анықтаңыз;

-шынымен сіздің танысыңыз ба екенін анықтау үшін көрсетілген нөмірге қайта хабарласыңыз;

5. Сіздің шотыңызға қателесіп баланыс салып қойдым, ақшасын қайтаруыңызды сұраймын деген смс-хабарлама келген жағдайда:

-бөтен адам сұраған сомманың толтырылғанына көз жеткізу үшін, өз есептік жазбаңыздың баланысын тексеріңіз;
6. Бейтаныс адамның сізге қоңырау шалып, ұялы телефон операторының техникалық қолдау көрсету қызметкері болып танысып, сіздің телефоныңызға техникалық іс-шаралар мен акциялар өткіземіз деп, сандық кодын шұғыл теруіңізді сұраған жағдайда:

-берілген нұсқауларды орындауға асықпаңыз;
-көрсетілген акция немесе іс-шара өткізіліп жатқандығын анықтау үшін қоңырау шалушы қызметіне қоңырау шалыңыз.

Көбінесе алаяқтар халықтың сеніміне кіріп, «Интернет» желісі арқылы және БАҚ-ның хабарламаларын қолданып, несие алуға ұсыныс жасайды. Сөйлесу барысында олар аз уақыт ішінде несие рәсімдеуді ұсынып, ақшаны сметқа лақтырғаннан кейін, із-түссіз жоғалып кетеді.

Сізге және сіздің жақындарыңызға осы фактілердің біреуі іске асырылса, осы нөмірге хабарласыңыз: 2-12-40, 22-8-75

Мирас ҚОРЛАНОВ,
полиция аға лейтенанты жедел уәкіл.

МОНЕТАЛАР САТЫЛЫМҒА ШЫҒАДЫ

Қазақстан Ұлттық Банкі 2022 жылдың 25 қаңтарынан бастап интернет-дүкен жұмысы қайта жанданып, «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Барыс жылы» коллекциялық монеталарының сатылымға шығатынын хабарлайды. Номиналы 500 теңгелік күміс монеталар www.kazcoins.nationalbank.kz платформасында ҚҰБ интернет-дүкені арқылы сатылады.

«Барыс жылы» монеталарының сипаттамасы:

Монеталардың аверсінде аспан әлеміндегі жұлдыздар картасында жұлдыздар шоғырының мифологиялық символы мен монета дайындалған металды, оның сынамасы мен массасын білдіретін жазу бейнеленген. Монетаны айналдыра «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазулар, күннің стильдендірілген бейнесі және монетаның номиналы бейнеленген. Монеталардың реверсінде орталық бөлігінде шығыс күнтізбесі бойынша 2022 жылдың символы – барыс бейнесі бейнеленіп, айналдыра «2022» «ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ», «ВОСТОЧНЫЙ КАЛЕНДАРЬ» және «ORIENTALCALENDAR» жазуы бар. Ішкі жағында шығыс күнтізбесінің қалған он бір символы орналасқан.

Барлық сұрақтар бойынша ҚРҰБ Солтүстік Қазақстан филиалына 55-15-27, 55-15-36 телефондары арқылы немесе Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі 6 мекенжайы бойынша жүгіне аласыз.

КТ және МРТ КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕР

Жалғасы. Басы 3-бетте.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызмет көрсететін медициналық ұйым Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен тиісті шарт жасасады және пациенттерге осы қызметтерді ұсыну бойынша міндеттемені орындауға тиіс.

«Біз азаматтардан емхана көрсетілімдер болған кезде, оны өткізу мүмкіндігінің жоқтығына сілтеме жасай отырып, консультациялық-диагностикалық қызметке жіберуден бас тартады деген өтініштерді жиі аламыз. Алайда, мұндай жағдайда Өнім беруші Қор базасында тұратын медициналық ұйымдар қатарынан бірлесіп орындаушыны тартуға міндетті. Егер бірлесіп орындау шарты ешкіммен жасалмаса, онда пациентті осы қызмет түрі бойынша Қордың Өнім берушілерінің біріне жіберуге тиіс, шарт бағыт бойынша қызмет көрсету қорытындылары бойынша автоматты түрде жасалады», - деп атап өтті ӘМСҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Илияс Мұхамеджан.

Алайда пациент емханаға бармай, ҚДҚ-ны ақылы негізде алу үшін тікелей жіберілетін басқа да жағдайлар бар.

«Кейде біз әлеуметтік желілерде пациентке жолдама берілмегені және олар ақылы түрде қызмет алғаны, мысалы, КТ туралы шағымдарды көреміз. Мұндай жағдайларда пациенттің құқығын қорғаушы ретінде Қор іске қосылады. Алайда, нәтижесінде пациент тіпті өз емханасына жүгінбеген, бірақ дереу басқа жерде ақылы тексеруден өтуге шешім қабылдаған болып шығады. Біз азаматтарды ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалануға шақырамыз. Егер проблемалар туындаса, Пациентті қолдау қызметіне хабарласыңыз және өз құқықтарыңызды қорғаңыз», - деп Илияс Мұхамеджан атап өтті. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында атап өтілгендей, 2022 жылы халыққа медициналық көмекті қаржыландыруға 2,049 трлн теңге, оның ішінде ТМККК бойынша – 1,2 трлн, МӘМС бойынша – 838 млрд теңге бағыттау жоспарлануда. Бұл ретте консультациялық-диагностикалық қызметтерді қаржыландыру едәуір ұлғайтылады. Бұл мақсаттарға 231 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылған, оның ішінде МӘМС бойынша – 187,7 млрд теңгеден астам. Салыстыру үшін: бір жыл бұрын 203 млрд теңге бағытталды, оның ішінде 167 млрд теңгесі МӘМС бойынша. *Егер сізде консультациялық-диагностикалық қызметтерді алуға қатысты сұрақтар туындаса немесе сіз оларды көрсетуге қол жеткізе алмасаңыз, онда өз емханаңыздың Пациентті қолдау қызметіне хабарласуыңыз қажет. Ұзақ күтуге байланысты өз аймағыңызда томографиядан немесе басқа да қызметтерден өту мүмкіндігі болмаған жағдайда, сіз өз аймағыңыздың денсаулық сақтау басқармасындағы жағдайды нақтылай аласыз. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы тәсілмен өтініш беріңіз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot.*

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

Тайынша ауданының әкімі мен аудан әкімінің аппараты
Тайынша ауданының Статистика басқармасының басшысы
Нина Францевна Шульгинаға әкесінің қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

«Тайынша таңы» газетінің ұжымы
Тайынша ауданының Статистика басқармасының басшысы
Нина Францевна Шульгинаға әкесінің қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

ЖАНАЗАҒА ЖАППАЙ ЖИНАЛУДЫ ШЕКТЕУ КЕРЕК

Әлемді шарпыған коронавирус індетіне шалдыққандар саны күн санап артып келеді. Дегенмен, өзінің және жақындарының өміріне немқұрайды қарайтын жандар түрлі құдайы астарға, жаназаға баруды доғарар емес. Салдарынан еліміздің түкпір-түкпірінде қауіпті індетті осындай жиындар кезінде жұқтырғандар тіркелуде. Сондықтан жақында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жаназа өткізу барысында сақталуы тиіс шараларды бекітіп, арнайы ережелерді қатаң ұстануға шақырған бірнеше ескертулер жарияланды.

Адамдардың ауру жұқтыру қаупін барынша азайту үшін жаназа намазы рәсімінің бес минуттан аспауы қатаң қадағаланатын болды. Сонымен қатар намазға бір ғана діни қызметкер, тек отбасы немесе жақын тумалар ғана қатыса алады. Дене қызуы немесе жөтелі бар адамдардың жаназа намазына мүлде бармағаны жөн. Ал рәсімге қатысушы жандар міндетті түрде санитарлық талаптарды сақтап, яғни бетперде тағып, медициналық қолғап киюі және екі метрлік арақашықтықты сақтауы тиіс. Өзара қол алысып амандасуға да болмайды. Аталған талаптардың сақталуын өңіріміздің имамдары қатаң қадағалауда. «Қызылжар» орталық мешітінің наиб имамы Тойбазар Айтұғанның айтуынша, қауіпті індеттен қайтыс болған мәйіт дәрігердің нұсқаулығына сай жуылуы керек.

– Өңірімізде жаназа намаздары қалалық «Нұр» мешітінде оқытылады. Жаназа рәсімін өткізу барысында аталған талаптар қатаң сақталады. Мәйіт жер қойнына тапсырылғаннан кейін жамағатты тездетіп үйлеріне қайтаруға баса назар аударамыз. Жетісі, қырқы, жылы және тағы басқа құдайы астарды да марқұмның ет жақындарын ғана қатыстыру арқылы жасауға болады, – деген наиб имам жасы үлкен кісілер, денсаулығы дімкәс адамдар және жас балаларды бұл шараларға келтірмеу қажеттігін жеткізді.

Осы талаптардың орындалуын мешіт имамдары ғана емес, санитарлық дәрігерлер де қадағалайды. Петропавл қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасын және қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Әсет Жұматаевтың айтуынша, елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандардың саны 50 мың адамға жақындады. Ал Солтүстік Қазақстан облысында қауіпті дертке шалдығудың тағы да фактілері тіркеліп отыр. Коронавирус инфекциясына жасалған тест кезінде ауру екені анықталған азаматтардың біршамасы жазылып, стационардан шығарылса, өкінішке қарай, бірнеше науқас көз жұмған. Оған, әрине, басты себеп – екпе алмау!

– Алдағы уақытта осындай қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында мешітте жаназа намазына қатысатын адамдардың санын шектеп, құдайы асты мүлдем бермеуді ұсынып отырмыз. Өкінішке қарай, тұрғындар мұндай ескертулерге мән бере бермейді. Мәселен, жақында Оңтүстік Қазақстан облысында жаназаға 800 адамға дейін жиналғаны ғаламтор арқылы тез тарап, қызу талқылауға түсті. Жергілікті мешіттердің алдында да көп халық жиналатын кездер болады. Сондықтан мұндай жағдайларды болдырмау үшін басқарма мамандары тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Облыстағы тәртіп сақшылары, жергілікті әкімдік пен облыстық кәсіпкерлер палатасының және Петропавл қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасын және қауіпсіздігін бақылау басқармасының мамандарынан арнайы топ құрылып, рейдтік шаралар жүргізілуде. Ондағы мақсат қайғылы жағдай орын алып жатқанда, жаза қолдану емес, керісінше, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондықтан көп жағдайда ескерту шараларымен шектелеміз. Мәселен, соңғы уақытта адамдар түрлі созылмалы сырқаттың салдарынан қайтыс болып, кейін зерттеу нәтижесінде коронавирус инфекциясын жұқтырғаны белгілі болған фактілер де бар. Мұндай жағдайда арнайы жерлеу қызметі жүзеге асырылып, оған аталған басқарманың мамандары да қатысады. Сонымен қатар мәйітті жерлегеннен кейін қолданған құрал-жабдықтарды толық залал-сыздандыруды ұмытпаған жөн.

Қазақ тойға бармаса да, өлімнен қалмайтын халық екені белгілі. Жақын жандарға немесе ағайын-туысқа қайғылы жағдай орын алғанда міндетті түрде көңіл айтып, жанынан табылу жақсы қасиет, әрине. Бірақ қазіргідей коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупі артып отырған қиын кезеңде тоқтау салмаса болмайтынын көріп отырмыз. Жаназаға келмедің деп ренжуге де ешкімнің қақысы жоқ. Бұның барлығы азаматтардың денсаулығын сақтап, індеттің жайылуын барынша азайту бағытында қолға алынған уақытша шаралар екенін естен шығармаған жөн.

Орынбасар ТӨЛЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ,
журналист.



Үй сатамын. Үйдің жағдайы жақсы. Ауласы кең, үйдің ішінде барлық жағдай жасалған. Үйдің бөлмелері кең, жарық, биік. Сатылатын баға келісімді. Байланыс телефоны 87078352668

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Қазақстан Республикасында тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында, Сіздің және жақындарыңыздың денсаулығын сақтау үшін келесі алдын алу шараларын сақтауды сұраймыз:

- вирустық аурулар белгілері бар адамдармен қарым-қатынасты болдырмау (жөтел, түшкіру, мұрын шырышты қабатының қабынуы, дене қызуының көтерілуі);
- дене қызуын күніне 2 рет мүмкіндігінше өлшеу қажет;
- тұрғын үй жайларын тәулігіне 2 рет желдету;
- тұрғын үй жайларын ылғалды жинау кезінде дезинфекциялайтын заттарды (құрамында хлор бар заттар, 70% спирт, сірке қышқылы, лимон қышқылы, сода) қолдану қажет;
- жеке гигиенаны сақтау (жеке сүлгі, сабын, ұстара құралдарын және т.б. пайдалану);
- қолды сабынмен жуу (әжетханаға барғаннан, қол алысқаннан, көшеден оралғаннан кейін, сондай-ақ тамақ дайындаудан бұрын және т.б.);
- қоғамдық орындарда жүргенде көз, мұрын және ауызға қол тигізбеңіз, өйткені лас қолдың жанасуы вирустың шырышты қабатқа түсуіне ықпал етеді;
- банкомат кнопкалары мен терминал экрандарына қол тигізгеннен кейін қолды спиртті негіздегі антисептиктермен немесе бір реттік дезинфекциялайтын майлықтармен дереу өңдеу;
- адамдар көп жиналатын жерлерге барғаннан және көшеден қайтқаннан кейін мұрын мен ауыз қуысын (мұрын-жұтқыншақ) әлсіз сода ерітіндісімен шаю;
- жөтелу және түшкіру кезінде ауызды бір рет қолданылатын майлықтармен немесе орамалмен жабу, содан кейін қолды сабынмен мұқият жуу немесе спирт ерітіндісімен немесе дезинфекциялық сулықтармен өңдеу қажет, содан кейін залалсыздандыру қажет;
- қоғамдық орындарда жөтеліп немесе түшкіріп жатқан адамдарымен қарым-қатынас жасамауға тырысу, мүмкін болмаған жағдайда кемінде бір метр қашықтықта дистанцияны сақтау;
- ЖРВИ белгілері пайда болған кезде (дене қызуының көтерілуі, тыныс алудың қиындауы, көбінесе құрғақ жөтел, қалтырау, денедегі қақсау, мұрын шырышты қабатының қабынуы және т. б.), сол сияқты соңғы екі аптада COVID-19 коронавирус инфекциясы бойынша қолайсыз елдерге шықсаңыз немесе қолайсыз елдерден келгендермен тығыз байланыста болсаңыз үйде қалып, өзін-өзі емдеумен айналыспай, емханаларға бармай-ақ 103 телефон нөмірі бойынша міндетті түрде жедел медициналық жәрдемді шақыру қажет;
- коронавирустық инфекция бойынша қосымша кеңесті call – орталыққа 1406 телефон нөмірі бойынша қоңырау шалып алуға болады.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» РММ.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 30 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.